



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201_жылғы «__»_____

№ _____

010000, Астана, Мажиліс Парламентта

«__»_____201_года

№ _____

№ исх: ДЗ-243 от: 12.10.2017

2017 жылы 11 қазанда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Энергетика Министрі
Қ.А. Бозымбаевқа**

**Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму
Министрі
Ж.М.Касымбекке**

Депутаттық сауал

Құрметті Қанат Алдабергенұлы!

Құрметті Жеңіс Махмұдұлы!

Еліміздің өңірлерінде халықпен өткен барлық дерлік кездесулерде тұрғындар және жергілікті атқарушы биліктің өкілдері коммуналдық кәсіпорындардың өте қанағаттанарлықсыз жұмыс істеп жатқанын атап өтеді. Елді мекендердің тазартқыш құрылыстары жұртшылық пен экологтердің ерекше алаңдаушылығын туғызады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда қолданылатын тазартқыш құрылыстарда өткен ғасырдың 50-жылдарындағы тазарту технологиясы пайдаланылады. Мамандардың бағалауы бойынша, кәріз желілері мен тікелей тазартқыш құрылыстардың тозуы кемінде 60%-ды құрайды, ал кейбір қалаларда 100%-ға жетеді. Мәселен, Қызылорда облысында бұл көрсеткіш 70%-ды құраса, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында – 75%-ды, Қарағанды облысында 80%-ды құрайды. Шахтинск қаласындағы жүйелер мен құрылыстардың жабдықтары технологиялық ресурсын тауысқан. Сәтпаев және Жезқазған қалаларындағы тазартқыш құрылыстардың тозуы тиісінше 60% және 80%-ды құрайды. Приозерск, Арқалық қалаларында тазартқыш құрылыстар мүлдем жоқ. Су тарту және кәріз желілерінің тозуы республикадағы шағын қалалардың басым көпшілігінде шегіне жеткен.

Пайдаланылып жатқан тазартқыш құрылыстар жұмысының тиімділігі өте төмен және олар ескірген әрі экологиялық тұрғыдан қауіпті жүйелер болып табылады. Осындай тазартқыш құрылыстардың тазарту дәрежесі 50%-дан аспайды. Сондықтан, қалалардың тазартқыш құрылыстары қоршаған су объектілері мен жер учаскелерін ірі ластау ошақтары болып табылады. Бұл қоршаған ортаға, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне, халықтың денсаулығына теріс ықпал етеді.

Республикадағы айтарлықтай күрделі санитариялық-эпидемиологиялық жағдай су факторының халықтың науқастануына тигізетін тікелей және жанама ықпалын дәлелдеп отыр. Еліміздегі аурулардың жалпы санының едәуір бөлігін құрайтын жұқпалы және паразиттік, несеп-жыныс жүйесінің және ас қорыту ауруларымен науқастанудың жоғары деңгейі судың төмен сапасына байланысты.

Өңірлердегі әкімдіктер қолданыстағы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы шеңберінде қабылдап жатқан шаралардың, шын мәнінде, тиімділігі төмен, өйткені, олар технологиялық және моральдық тұрғыдан ескірген жабдықтың жұмыс істеуін қолдауға бағытталған, ал жаңа құрылыстарды салу қазіргі заманғы технологияларды аз пайдаланып жүргізіліп жатыр!

Сонымен қатар, әлемдік практика сарқынды сулар энергияның және судың басқа да пайдалы ілеспе қасиеттерінің тұрақты әрі экономикалық пайдалы көзі болуы мүмкін екенін көрсетіп отыр.

Біріккен Ұлттар Ұйымының 2017 жылы ұсынылған су ресурстарының жай-күйі туралы баяндамасында сарқынды сулардың барған сайын **сенімді баламалы су көзі** ретінде кеңірек қаралып жатқаны аталып өтеді, соның нәтижесінде озық дамыған елдерде оларға деген көзқарас «өңдеу мен жоюдан» «қалпына келтіру мен қайтадан пайдалануға» қарай ығысуда.

Бұл тұрғыдан сарқынды суларға шешуді талап ететін проблема ретінде қарамайды; сарқынды сулар, негізінен, қазіргі таңда қоғам алдында тұрған проблемаларды шешудің бір бөлігіне айналды.

Сондай-ақ сарқынды сулар энергияның, қоректік заттар мен басқа да пайдалы жанама өнімдердің тұрақты әрі экономикалық пайдалы көзі болуы мүмкін. Мұндай ресурстарды сарқынды сулардан алудан келетін әлеуетті пайда адамның денсаулығы мен қоршаған ортаның шеңберінен тыс шығады әрі оның азық-түлік және энергетикалық қауіпсіздікке, сондай-ақ климаттың өзгеруінен болатын зардаптарды жұмсартуға тигізетін салдары бар. Экономикалық даму табиғи ресурстарды қорғаумен және экологиялық орнықтылықпен теңдестірілген кезде өнімдерді көпайналымды пайдалануы бар экономика тұрғысынан **сарқынды сулар кеңінен қолжетімді әрі бағалы ресурс болып табылады.**

Теңізге шығу жолдары және ірі су объектілері жоқ Қазақстан үшін су ресурстарын ұтымды пайдалану проблемасы өте өзекті болып табылады. Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық құжаты

«Қазақстан-2050» СТРАТЕГИЯСЫНДА», сондай-ақ Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада тұжырымдаған міндеттер жаңа парадигманы ұғыну мен осы проблеманың шешімдерін іздеудегі маңызды қадам болып табылады.

Олардың қатарында:

- 1) ресурстарды (су, жер, биологиялық және т.б.) пайдалану және оларды басқару тиімділігін арттыру;
- 2) жұмыс істеп тұрған инфрақұрылымды жаңғырту және жаңасын салу;
- 3) халықтың әл-ауқатын және қоршаған ортаға түсетін қысымды азайтудың рентабельді жолдары арқылы қоршаған ортаның сапасын арттыру;
- 4) ұлттық қауіпсіздікті, оның ішінде су қауіпсіздігін арттыру.

Қоршаған ортаны қорғау және табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы экономикалық прагматизмнің жаңадан жарияланған бағыты табиғи ресурстарды басқарудың түбегейлі жаңа жүйесін енгізуді көздейді. Бұл ретте әлемдік даму болжамдарын ескере отырып, суҚазақстанда жаңа құндылыққа ие болуға тиіс.

Алға қойылған міндеттерді іске асырудың стратегиялық маңыздылығын ескере отырып, мыналар туралы ақпарат беруіңізді сұраймын:

- 1) Үкімет экологиялық заңнаманың бұзушылықтарын жою және өңірлердегі коммуналдық кәсіпорындардың тазартқыш құрылыстарын техникалық және технологиялық тұрғыдан жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қабылдап жатыр?
- 2) еліміздің стратегиялық құжаттарында басым ретінде айқындалған табиғи ресурстарды басқарудың жаңа жүйесін енгізу мәселесі қалай шешіліп жатыр?

Құрметпен,

А.Қожахметов

Қ. Қаракен

Ф. Қаратаев

А. Қоңыров

В.Олейник

Ж.Омарбекова

С. Сейдуманов



010000, Астана, Парламент Мәжілісі

201_жылғы «__»_____

№ _____

010000, Астана, Мәжіліс Парламенті

«__»_____201_года

№ _____

Орындаған: Б.Селеубаева 746752

Оглашен 11 октября 2017 года

**Министру энергетике
Республики Казахстан
Бозумбаеву К. А.**

**Министру
по инвестициям и развитию
Республики Казахстан
Касымбек Ж.М.**

Депутатский запрос

Уважаемый Канат Алдабергенович!

Уважаемый Женис Махмудович!

Практически на всех встречах с населением в регионах страны жители и представители местной исполнительной власти отмечают крайне не удовлетворительное функционирование коммунальных предприятий. Особую озабоченность общественности и экологов представляют очистные сооружения населенных пунктов.

Действующие в настоящее время очистные сооружения Казахстана используют технологию очистки 50-х годов прошлого века. По оценкам специалистов, изношенность канализационных сетей и непосредственно очистных сооружений составляет не менее 60%, а в некоторых городах достигает 100%. Так, в Кызылординской области этот показатель составил 70%, Алматинской и Северо-Казахстанской областях – 75%, Карагандинской области – 80%. Выработан технологический ресурс систем и оборудования сооружений г.Шахтинск. Износ очистных сооружений в г.Сатпаев и г.Жезказган составляет 60% и 80% соответственно. В городах Приозерск, Аркалык очистные сооружения вообще отсутствуют. Износ водопроводных и

канализационных сетей в подавляющем большинстве малых городов республики является предельным.

Эксплуатируемые очистные сооружения работают с крайне низкой эффективностью и представляют собой устаревшие и экологически небезопасные системы. Степень очистки таких очистных сооружений не превышает 50%. Поэтому очистные сооружения городов являются очагами крупного загрязнения окружающих водных объектов и земельных участков. Данное обстоятельство оказывает негативное влияние на окружающую среду, растительный и животный мир, здоровье населения.

Достаточно сложная санитарно-эпидемиологическая обстановка в республике свидетельствует о прямом и косвенном влиянии водного фактора на заболеваемость населения. С низким качеством воды связан высокий уровень заболеваемости инфекционными и паразитарными болезнями, болезнями мочеполовой системы и органов пищеварения, составляющих значительную часть от общего количества болезней в стране.

Предпринимаемые Акиматами регионов меры, в рамках действующей Программы развития регионов до 2020 года, по сути, являются малоэффективными, поскольку направлены на поддержание жизнеспособности технологически и морально устаревшего оборудования, а строительство новых сооружений ведется с низким использованием современных технологий!

В тоже время, мировая практика показывает, что сточные воды могут быть устойчивым и экономически выгодным источником энергии и других полезных сопутствующих свойств воды.

В представленном в 2017 году Докладе ООН о состоянии водных ресурсов отмечается, что сточные воды все шире рассматриваются как **надежный альтернативный водный источник**, в результате чего подход к ним в передовых развитых странах смещается с «обработки и удаления» на «восстановление и повторное использование».

В этом смысле на сточные воды уже не смотрят как на проблему, требующую решения; сточные воды в большей степени стали частью решения проблем, стоящих сегодня перед обществом.

Сточные воды также могут быть устойчивым и экономически выгодным источником энергии, питательных веществ и других полезных побочных продуктов. Потенциальная польза от извлечения таких ресурсов из сточных вод выходит далеко за рамки здоровья человека и окружающей среды и имеет последствия для продовольственной и энергетической безопасности, а также смягчения последствий изменения климата. В контексте экономики с многооборотным использованием продукции, когда экономическое развитие сбалансировано с охраной природных ресурсов и экологической устойчивостью, **сточные воды представляют собой широкодоступный и ценный ресурс.**

Для Казахстана, не имеющего выхода к морю и не располагающего крупными водными объектами, проблема рационального использования

водных ресурсов стоит очень остро. Важным шагом в осмыслении новой парадигмы и поиска решений данной проблемы являются задачи сформулированные Главой государства в стратегическом документе развития Республики Казахстан «СТРАТЕГИЯ «Казахстан-2050», а также в Концепции по переходу Республики Казахстан к «зеленой экономике».

В их числе:

- 1) повышение эффективности использования ресурсов (водных, земельных, биологических и др.) и управления ими;
- 2) модернизация существующей и строительство новой инфраструктуры;
- 3) повышение благополучия населения и качества окружающей среды через рентабельные пути смягчения давления на окружающую среду;
- 4) повышение национальной безопасности, в том числе водной безопасности.

Новый объявленный курс экономического прагматизма в сфере защиты окружающей среды и использования природных ресурсов предполагает внедрение принципиально новой системы управления природными ресурсами. При этом с учетом прогнозов мирового развития, вода в Казахстане должна обрести новую ценность.

Учитывая стратегическую важность реализации поставленных задач, прошу Вас проинформировать о том:

- 1) какие меры предпринимаются Правительством для устранения нарушений экологического законодательства и обеспечения технической и технологической модернизации очистных сооружений коммунальных предприятий регионов?
- 2) как решается вопрос внедрения новой системы управления природными ресурсами, определенной в качестве приоритетной в стратегических документах страны?

С уважением,

А.Кожаметов

К. Каракен

Ф. Каратаев

А. Коңыров

В.Олейник

Ж.Омарбекова

С. Сейдуманов

Исполнитель: Б.Селеубаева 746752